

**"Кеден төлемдерін салу мен кеден төлемдерін қайтарып алудың тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті төрағасының 2001 жылғы 9 ақпандағы N 45 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2002 жылғы 25 қыркүйектегі N 28 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 14 қарашада тіркелді. Тіркеу N 2042. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2004 жылғы 1 шілдедегі N 290 бұйрығымен

-----Бұйрықтан үзінді-----

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің, Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті төрағасының және Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының күші жойылды деп танылған б ұ й р ы қ т а р ы н ы ң тізбесі**

6. "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 5 наурызда N 1416 тіркелген "Кеден төлемдерін салудың және кеден төлемдерін қайтарудың тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс Министрлігінің Кеден комитеті төрағасының 2001 жылғы 9 ақпандағы N 45 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2002 жылғы 25 қыркүйектегі N 28 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2002 жылғы 14 қарашада N 2042 тіркелген, 2002 жылы "Нормативтік құқықтық кесімдер бюллетенінде" жарияланған N 48).

*Төраға*

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қолданысқа енгізумен байланысты, сондай-ақ Ресей Федерациясының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Сыртқы экономикалық қызметті реттеудің бірыңғай тәртібі туралы (Мәскеу қаласы, 1995 жылдың 20 қаңтары) Келісімді және Кеден одағы туралы (Мәскеу қаласы, 1995 жылдың 20 қаңтары) Келісімді орындау үшін БҰЙЫРАМЫН:

1. "Кеден төлемдерін салу мен кеден төлемдерін қайтарып алудың тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс

министрлігінің Кеден комитеті төрағасының 2001 жылғы 9 ақпандағы N 45 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кеден төлемдерін салу мен кеден төлемдерін қайтарып алудың тәртібі туралы нұсқаулықта:

12-тармақтың 10) тармақшасы алынып тасталсын;

13-тармақтың бірінші абзацындағы "10)" саны алынып тасталсын;

16-тармақтың екінші, бесінші абзацтары алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (И.Ы.Аңсарова) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің баспа қызметі (Г.Т.Исахан) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының орынбасары С.Ж.Мулкинге жүктелсін.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

*Төраға*